

A red fountain pen with a gold nib and a decorative black calligraphic flourish. The pen is positioned in the upper left corner, with its nib pointing towards the center. The flourish is a large, elegant, black calligraphic design that frames the central text.

Сабақтың тақырыбы:

Өндіріс шығындары

Жоспары:




1. Өндіріс шығындары туралы жалпы түсінік.

2. Кәсіпорын шығындары.

3. Шығындарды жүйелі түрде төмендету.

Өндіріс шығындары-



Шығындар -бұл кәсіпорынның өндіретін және коммерциялық қызметін іске асыру үшін өндіріс факторларының ақшалай түріндегі шығындары. Өндіріс процесіндегі айқын шек қоятын шығындар және олардың маңызы мен практикалық қызметіндегі анықтайтын межесі болып табылады.

Кәсіпорын шығындары өндірістік белгісіне қарай үш түрге бөлінеді:

*өзіндік құн құрайтын өнімдерді өндіру және сатуға кететін шығындар.


Бұл капиталдың ауыспалы айналымы арқылы сатудан түскен ақшалай түсімді жабатын ағымдағы шығындар;

*өндірісті ұлғайтуға және жаңартуға кететін шығындар.

Бұл жаңа немесе ерекше өндірілетін өнімге жұмсалатын бір жолғы ірі күрделі қаржы шығындары;



*өндірістің әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй, тұрмыстық қызмет көрсету және осыған ұқсас басқа да мұқтаждықтарға кететін шығындар. Олар негізінде пайданың есебінен бөлінетін арнаулы қорлардан қаржыландырылады.

Кәсіпорын шығыны



Тұрақты шығын

Ауыспалы шығын



шығын элементтері:

- * - материалдық шығындар;
- * - еңбекақыға жұмсалған шығындар;
- * - әлеуметтік сақтандыруға аударым;
- * - зейнетақы қорына аударым;
- * - жұмыспен қамтылу қорына аударым;
- * - амортизация;
- * - басқа да шығындар.

Шығындарды жүйелі түрде төмендету-

кәсіпорындардың жұмыс істеу тиімділігін арттырудың негізгі құралы болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында

залалды кәсіпорындарды қаржылай қолдау қағидаға жатпайды.

Ұлттық экономиканың барлық салаларында өндіріс шығындарын төмендетудің мына төмендегі негізгі бағыттарын айтуға болады:

- ғылыми –техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалану;
- өндіріс және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;
- экономикалық процестерді мемлекет тарапынан реттеу.



Шығынның белгілі бір мөлшерін мейлінше тиімді ету-

шаруашылықты жүргізудің әр түрлі мәселелерін шешуге келгенде басты талап осы болып отыр. Тек қанша өнім өндірілгендігінің ғана емес, оны өндіруге қанша еңбек жұмсалғандығының да маңызы зор.

Мәселенің бұлайша қойылуы мынаны аңғартады: шикізатпен материалдарды жұмсау отырып немесе машиналар мен механизмдерді пайдалан отырып, шикізаттардың әрбір бөлігін неғұрлым көп өнім алуға, әрбір станок пен технологиялық процестердің түсімін өсіруге, шығындарын бұйымдардың өзіндіктік құнын төмендетіп, кәсіпорындардың пайдасын көбейтуге, өндірістің тиімділігін аттыруға жету керек.



Түрлі қоғамдардың әрбір өндірістік бірлігі (кәсіпорын) өз іс-әрекетінен көбірек табыс алуға тырысады. Қандай да болсын кәсіпорын өз тауарын пайдалы, жоғары бағаға сатып қана қоймай, өзінің өндіріске және өнімді өткізуге жұмсалатын шығындарының мөлшерін қысқартуға тырысады. Егер табысты ұлғайтудың алғашқы көзі кәсіпорынның іс-әрекетінің сыртқы шарттарына тәуелді болса, екінші кәсіпорынның өзіне ғана, атап айтқанда өндіріс процесінің ұйымдастырылуы деңгейіне және тауарлардың келесідегі өткізілуіне толығымен байланысты.

Көптеген экономиттер шығындарды зерттеуге үлкен үлес қосқан. К. Маркстің шығындар теориясы екі принципалды категорияға негізделеді - өндіріс шығындары және жүгіну шығындары. Өндіріс шығындары деп жалақыға, шикізат пен материалға, сонымен қатар амортизацияға, еңбек тәсілдеріне және т.б. жұмсалатын шығындар аталады. Өндіріс шығындарына тауар өндіру, кейін табыс табу мақсатымен құрылған кәсіпорында өндіріске жұмсалатын шығындар(ұйымдастырушылар өтеуге тиіс) жатады. Тауар бірлігінің құнында өндіріс шығындары оның екі бөлігінің біреуін құрайды. Өндіріс шығындары табыс көлеміндегі тауар құнынан аз болады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Мамыров Н.К., Кулекеев Ж.А., Султанбекова Г.К. Микроэкономика. — Алматы: Экономика. КазГАУ, 1997
2. Микроэкономика. Практикум. Задачи, тесты, ситуации. — СПб.: Литера плюс, 1994
3. Мухамедиев Б.М. Микроэкономика. — Алматы: Казак университеті, 2001



Назарларыңызға рахмет!

Орындаған:

Өтеген Айжан